

## 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 233 шешімі. Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 17 қаңтарда № 3-11-83 тіркелді. Қолдану мерзімі өтуіне байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 мамырдағы № 51 хатымен.

**Ескерту. Қолдану мерзімі өтуіне байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2012.05.30 № 51 Хатымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 9 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы № 357 "2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 "2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңын іске асыру туралы қаулысына сәйкес аудандық мәслихат

### **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес , оның ішінде 2011 жылға мына көлемде бекітілсін:

1) кірістер 2 566 380,4 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдері бойынша 165 350 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша 9 205 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан 105 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша 2 391 720,4 мың теңге;

2) шығындар 2 603 818,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру 17 597,7 мың теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер 18 844,7 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 1 247 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын

операциялар бойынша сальдо 0 мың теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы -55 035,5 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру 55 035,5 мың теңге;

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2011.02.04 № 249; 2011.03.31 № 258; 2011.04.20 № 270; 2011.07.22 № 280; 2011.10.25 № 295; 2011.11.08 № 302 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.**

2. Аудандық бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

жеке табыс салығы;

әлеуметтік салық;

жеке және заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер мүлкіне салық;

жер салығы;

бірыңғай жер салығы;

көлік құралдарына салық;

бензинге және дизель отынына акциздер;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем;

дара кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым;

жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым;

аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы;

республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж;

коммуналдық меншіктен түсетін кірістер;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдер;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелермен ұйымдастырылатын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшалар түсімдері;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімдер, санкциялар, өндіріп алулар;

аудан бюджетіне түсетін салыққа жатпайтын басқа түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, яғни аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан түскен ақшалар;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

3. Қазақстан Республикасының "2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 5 бабына сәйкес жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының аталған қорға аударымдардың есептелген сомаларынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 проценті шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

4. Қазақстан Республикасының "2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8 бабына сәйкес:

2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 15 999 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 1512 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 15 999 теңге мөлшерінде белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

5. Облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы "2011-2013 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" № 333 шешімінің 10 тармағына сәйкес 2011 жылға аудандық бюджетке берілетін субвенция көлемі 1 606 877 мың теңге сомасында көзделген.

6. 2011 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен мынадай мөлшерде ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері - 3 145 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырысты іске асыру мақсатына - 22 226 мың теңге;

эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге – 32 152 мың теңге;

мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы көлемін ұлғайтуға – 11 172 мың теңге;

жұмыспен қамту 2020 бағдарламасына жалпы сомасы – 7 846 мың теңге;

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдардың дамуына – 4500 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 6 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2011.03.31 № 258; 2011.07.22 № 280; 2011.11.08 № 302 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.**

7. 2011 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен жастар тәжірибесі бағдарламасын ұйымдастыруға - 3 120 мың теңге нысаналы трансферттер түскені ескерілсін.

Аталған сомаларды бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

8. 2011 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен:

ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға сомасы 7 млн. 044 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер;

ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 18 млн. 694 мың теңге сомасында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын талаптарға сәйкес бюджеттік кредиттер түскені ескерілсін.

Аталған сомаларды бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 8 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2011.11.08 № 302 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

9. 2011 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 11 238 мың теңге сомасында, оның ішінде:

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға – 4 096 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға - 5 541 мың теңге;

үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз етуге – 1 600 мың теңге;

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 9 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2011.11.08 № 302 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

10. 2011 жылға арналған аудандық бюджетіне облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер және нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

білім беру объектілерін салуға – 199 407,7 мың теңге;

коммуналдық шаруашылығын дамытуға - 93 404 мың теңге;

*алынып тасталды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2011.02.04 № 249 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.*

мәдениет объектілерін дамытуға 40 475 мың теңге.

Трансферттерінің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 10 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2011.02.04 № 249; 2011.04.20 № 270; 2011.10.25 № 295 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.**

11. 2011 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін:

Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 82 283 мың теңге сомасында, оның ішінде:

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға - 50 616 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға – 31 667 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттерінің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 11 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2011.03.31 № 258; 2011.04.20 № 270 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.**

12. 2011 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін:

елді мекендердің ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және реконструкциялауға – 226 046,5 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттерінің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 12 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2011.02.04 № 249; 2011.04.20 № 270; 2011.07.22 № 280; 2011.10.25 № 295 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.**

13. 2011 жылға арналған аудандық бюджетіне облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер "Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі" аудандық жастар марафон-эстафетасын жүргізуге – 14 199 мың теңге;

бір жолғы талондар беру жұмыстарын ұйымдастыруға -350 мың теңге.

**Ескерту. 13 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2011.02.04 № 249; 2011.03.31 № 258; 2011.04.20 № 270 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.**

14. Аудандық жергілікті атқарушы органының 2011 жылға арналған резерві сомасы 3 493 мың теңге болып бекітілсін.

15. 2011 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде қысқартуға жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалар тізбесі № 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

16. Ойыл ауданы бойынша қала, селолық округтер әкімдіктерінің 2011 жылғы бюджеттік бағдарламалары бойынша қаржыландыру көлемі № 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

17. Осы шешім Ойыл аудандық Әділет басқармасында тіркелген күннен және 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы:  
Ә.Әжниязов

Аудандық мәслихат  
хатшысы:  
Б.Бисекенов

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы  
24 желтоқсандағы № 233 шешіміне  
№ 1 қосымша

## 2011 жылға арналған аудандық бюджеті

**Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2011.11.08 № 302 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

Санаты	Сыныбы			Сомасы (мың теңге)
		ішкі сыныбы		
			АТАУЫ	
			<b>I. Түсімдер</b>	<b>2566380,4</b>
			<b>Кірістер</b>	<b>174660</b>
<b>1</b>			<b>Салық түсімдері</b>	<b>152806</b>
	<b>01</b>		<b>Кірістерге салынатын табыс салығы</b>	<b>70254</b>
		2	Жеке табыс салығы	70254
	<b>03</b>		<b>Әлеуметтік салық</b>	<b>66110</b>
		1	Әлеуметтік салық	66110
	<b>04</b>		<b>Меншікке салынатын салықтар</b>	<b>13834</b>
		1	Мүлікке салынатын салықтар	4451

		3	Жеке тұлғалардың жер салығы	947
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	7436
		5	Бірыңғай жер салығы	1000
	05		<b>Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар</b>	1752
		2	Акциздер	101
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	530
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1115
		5	Тіркелген салық	6
	08		<b>Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер</b>	856
		1	Мемлекеттік баж	856
2			<b>Салықтық емес түсімдер</b>	21665
	01		<b>Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер</b>	6402
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6402
	04		<b>Мемлекеттік меншіктен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер</b>	0

			салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік меншіктен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар	0
	06		<b>Басқа да салықтық емес түсімдер</b>	15263
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	15263
3			<b>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</b>	189
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	189
		1	Жерді және материалдық емес активтерді сату	189
4			<b>Трансферттердің түсімдері</b>	2391720,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2391720,4
		2	<b>Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер</b>	2391720,4



			Ағымдағы нысаналы трансферттер	138727,2
			Нысаналы даму трансферттері	646116,2
			Субвенциялар	1606877

Функционалдық топ					
	Кіші функция	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы (мың теңге)
			Бағдарлама		
				АТАУЫ	
1	2	3	4	5	6
				<b>II. Шығындар</b>	<b>2603818,2</b>
<b>01</b>				<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>	<b>158690</b>
01	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	133823
01	1	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	14037
01	1	112	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13887
			003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	150
01	1	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	44242
				Аудан (облыстық	

01	1	122	001	маңызы бар қала ) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	39803
			003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	4158
			115	Жергілікті атқарушы органның резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау	281
01	1	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала , кент, ауыл ( село), ауылдық ( селолық) округ әкімінің аппараты	75544
01	1	123	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық ( селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	74159
			023	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	300
				Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға	

			107	арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу	1085
01	2			Қаржылық қызмет	13359
01	2	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	13359
01	2	452	001	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (областық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12802
01	2	452	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	207
			004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	350
01	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	11508
01	5	476		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау	11508

				кәсіпкерлік бөлімі	
01	5	453	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11508
<b>02</b>				<b>Қорғаныс</b>	<b>8926</b>
02	1			Әскери мұқтаждар	1126
02	1	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1126
02	1	122	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1126
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	7800
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	7800
			007	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағындағы өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді	7800

				мекендірді өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	
<b>04</b>				<b>Білім беру</b>	<b>1620459,4</b>
04	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	161305
04	1	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	161305
04	1	464	003	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	150133
			025	Мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы көлемін ұлғайту	11172
04	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1246066,7
04	2	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	1246066,7
04	2	464	004	Жалпы білім беру	1213963,7
04	2	464	005	Балаларға мен жеткіншектерге қосымша білім беру	32103

04	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	213087,7
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	199407,7
			037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	199407,7
04	9	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	13680
04	9	464	009	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	7256
04	9	464	010	Аудандық (қалалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1679
			020	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды)	3145

				күтіп-ұстауға асыраушыларын а ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	
			023	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	1600
06				<b>Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру</b>	<b>111980,2</b>
06	2			Әлеуметтік көмек	100707,6
06	2	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	100707,6
06	2	451	002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	23378,4
06	2	451	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	8158
06	2	451	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	750

06	2	451	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	22736,2
			014	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	2988
06	2	451	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	34180
06	2	451	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, ж е к е көмекшілердің қызмет көрсету	2101
			023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	6416
06	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	11272,6
06	9	451		Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту	11272,6



				және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
06	9	451	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10746,6
06	9	451	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	526
<b>07</b>				<b>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық</b>	<b>225295,7</b>
07	1			Тұрғын үй шаруашылығы	94591
07	1	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2412
07	1	458	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақтаулуын ұйымдастыру	1493
			004	Азаматтарды жекелеген саннаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	520

			005	Авариялық және ескі тұрғын үйлерді бұзу	399
07	1	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	92179
07	1	467	003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	56012
			004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру	31667
		467	018	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдардың дамуы	4500
07	2			Коммуналдық шаруашылық	99698,7
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	5410,7
		123	014	Елді мекендерді с у м е н жабдықтауды ұйымдастыру	5410,7
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет,	94288

				қала құрылысы және құрылыс бөлімі	
			005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	94288
07	3			Елді-мекендерді көркейту	31006
07	3	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	16807
07	3	123	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	5560
07	3	123	009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	757
07	3	123	010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	69
07	3	123	011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	10421
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	14199
			018	Елді мекендерді абаттандыру ж ә н е көгалдандыру	14199
08				<b>Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік</b>	157684

08	1			Мәдениет саласындағы қызмет	108395
08	1	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	66920
08	1	455	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	66920
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	41475
			011	Мәдениет объектілерін дамыту	41475
08	2			Спорт	1068
08	2	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, денешынықтыру және спорт бөлімі	1068
08	2	465	014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	312
08	2	465	015	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	756

08	3			Ақпараттық кеңістік	38756
08	3	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	34778
08	3	455	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	34589
08	3	455	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	189
08	3	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	3978
08	3	456	002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	3278
08	3	456	005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	700
08	9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	9465
08	9	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)	4733

				мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	
08	9	455	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4733
08	9	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	4732
08	9	456	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4384
08	9	456	003	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	348
10				<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>	280535,5
10	1			Ауыл шаруашылығы	16819
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл	

10	1	474		шаруашылығы және ветеринария бөлімі	8099
10	1	462	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8099
10	1	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1671,3
10	1	467	010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	1671,3
		476		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау кәсіпкерлік бөлімі	7048,7
			099	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	7048,7
	2			Су шаруашылығы	226046,5
				Ауданның (облыстық	

		466		маңызы бар қаланың)сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	226046,5
			012	С у м е н жабдықтау жүйесін дамыту	226046,5
10	6			Ж е р қатынастары	5518
10	6	463		Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	5518
10	6	463	001	Аудан ( облыстық маңызы бар қала ) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5518
	9			Ауыл, су, орман, б а л ы қ шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	32152
		474		Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы ж ә н е ветеринария бөлімі	32152
			013	Эпизоотияға қ а р с ы іс-шаралар жүргізу	32152
11				<b>Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылыс</b>	<b>6702</b>



				<b>ы және құрылыс қызметі</b>	
11	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	6702
11	2	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	6702
11	2	467	001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендердің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	6702
<b>12</b>				<b>Көлік және коммунация</b>	<b>3500</b>
12	1			Автомобиль көлігі	3500
12	1	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3500

12	1	458	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3500
<b>13</b>				<b>Басқалар</b>	<b>28626</b>
13	3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	1167
13	3	476		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау кәсіпкерлік бөлімі	1167
13	3	469	005	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	1167
13	9			Басқалар	27459
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	3120
			022	"Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	3120
13	9	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	0
13	9	452	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	0
				Ауданның (облыстық	

		458		маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6777
	458		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6777
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	17562
			001	Білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі қызметін қамтамасыз ету	17562
<b>15</b>				<b>Трансферттер</b>	1419,4
	001			Трансферттер	1419,4
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	1419,4
			006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	1419,4
				<b>ІІІ. Таза бюджеттік кредит беру</b>	<b>17447,0</b>

				Бюджеттік кредиттер	18694,0
10				<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>	<b>18694,0</b>
	1			Ауыл шаруашылығы	18694,0
		476		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау кәсіпкерлік бөлімі	18694,0
			004	Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	18694,0
5				<b>Бюджеттік кредиттерді өтеу</b>	<b>1247</b>
	1			Бюджеттік кредиттерді өтеу	1247
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттерді өтеу	1247
				<b>IV.Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо</b>	<b>0</b>
				<b>V.Бюджет тапшылығы</b>	<b>-54884,8</b>
				<b>VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру</b>	<b>54884,8</b>

7				<b>Қарыздар түсімі</b>	<b>18694,0</b>
	1			Мемлекеттік ішкі қарыздар	18694,0
		2		Қарыз алу келісім шарттары	18694,0
16				<b>Қарыздарды өтеу</b>	<b>1397,7</b>
	1			Қарыздарды өтеу	1397,7
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	1397,7
			008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	1247
			021	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	150,7
8				<b>Бюджет қаражаттарының пайдаланатын қалдықтары</b>	<b>37588,5</b>
	1			Бюджет қаражаты қалдықтары	37588,5
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	37588,5

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 233 шешіміне № 2 қосымша

## 2012 жылға арналған аудандық бюджеті

Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2011.02.04 № 249 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Санаты			
	Сыныбы		Сомасы (мың)

		ішкі сыныбы		тенге)
			АТАУЫ	
			<b>Кірістер</b>	<b>2721421</b>
<b>1</b>			<b>Салық түсімдері</b>	<b>187694</b>
	1		Кірістерге салынатын табыс салығы	81365
		2	Жеке табыс салығы	81365
	3		Әлеуметтік салық	86880
		1	Әлеуметтік салық	86880
	4		Меншікке салынатын салықтар	16370
		1	Мүлікке салынатын салықтар	5682
		3	Жер салығы	1420
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	8193
		5	Бірыңғай жер салығы	1075
	5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	1900
		2	Акциздер	132
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	716
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1052
	8		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1179
		1	Мемлекеттік баж	1179

2			<b>Салықтық емес түсімдер</b>	<b>9881</b>
	1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6264
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6264
	4		Мемлекеттік меншіктен қаржыландырылатын, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3005
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік меншіктен қаржыландырылатын, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар	3005
	6		Басқа да салықтық емес түсімдер	612
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	612
3			<b>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</b>	<b>115</b>

	3		Жерді және материалдық емес активтерді сату	115
		1	Жерді және материалдық емес активтерді сату	115
<b>4</b>			<b>Трансферттердің түсімдері</b>	<b>2523731</b>
	2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2523731
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2523731
			Ағымдағы нысаналы трансферттер	75334
			Нысаналы даму трансферттері	687455
			Субвенциялар	1760942

Функционалдық топ						
	Кіші функция					Сомасы (мың теңге)
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
		Бағдарлама			АТАУЫ	
1	2	3	4	5	6	
				<b>II. Шығындар</b>	<b>2721421</b>	
<b>01</b>				<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>	<b>162588</b>	
01	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	137716	
01	1	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	14927	



01	1	112	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14927
01	1	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	52684
01	1	122	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	52684
01	1	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	70105
01	1	123	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	70105
01	2			Қаржылық қызмет	13329
01	2	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	13329
				Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық	

01	2	452	001	меншікті (областық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13107
01	2	452	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	222
01	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	11543
01	5	476		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау кәсіпкерлік бөлімі	11543
01	5	453	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11543
